**Білуі керек:** 1-ден 10-ға дейінгі сандарды ретімен, тура және кері санай білуді, сандар емлесін тануды

**Нені игерді:** 10 көлемінде сандық есептеу, салыстыру, санау, топта дағдыларын игеру;

**Нені біледі:** кеңістікті бағдарлай білу

**Оқу қызметі :** Логика

**Тақырыбы:** Математика патшалығына саяхат

**Мақсаты:** геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды таба білуге, пішіні ұқсас заттарды топтай білуге, пішіндерден бейне құрастыра білуге, түстерін айта білуге үйрету.

**Көрнекілік:** Геометриялық пішіндер, үлестірмелі текшелер, магнитті тақта, құс ұясы, сиқырлы қалам, иллюстрациялы суреттер.

**Әдіс - тәсілдер:** Сұрақ - жауап, қайталау, талдау, түсіндіру, топтастыру, ойын\_\_\_

**Мотивациялық қозғаушы**

**Шаттық шеңбері**

Біздер тату боламыз,

Гүлдей жайнап өсеміз.

Шаттық құрып шеңберден,

Бір қуанып қаламыз.

Тәрбиеші балалардың назарын тақтадағы суретке аударып жыл мезгілдеріне тоқталады.

Бір жылда неше мезгіл бар?

Қазір қай мезгіл?

Ауа - райы қандай?

**Ұйымдастыру ізденіс**

«Пішіндер қалашығына» келіп жеттік, қараңдаршы қандай керемет, ортада тұрған үстелдерге отыра қойындар.

- Балалар, біздің келген Пішіндер қалашығының тұрғындары сендерге арналған тапсырмалары бар екен, сол тапсырмаларды орындаймыз ба?

- Олай болса мен қазір сендерге жұмбақ жасырайын.

- Бұл орамның пішіні

Бауырсақтың да мүсіні.

Кішірейтсек біз мұны

Шығады тоқаш наны боп

Балалар ол қандай пішін?

- Дұрыс айтасындар, қане домалақты ауада салайықшы.

- Енді домалақ пішінге ұқсас қандай заттарды білесіндер.

- Үш бұрышы бар, үш қабырғасы бар,

Ұзындықтары әр түрлі болуы мүмкін.

Ол не, балалар?

- Бұл жұмбақтың шешуін жақсы таптындар.

Жарайсындар.

Балалар қане пішіндер атауын Көмекші досым «Зерек» қаламнан сұрайыншы

### **«Зерек» қаламмен пішіндердің суретімен таныстыру.**

Ал енді «Зат қандай пішіннен құралған» деген ойын ойнаймыз. Ол үшін мен сендерге тағы бірнеше жұмбақ жасырамын. Алдарындағы магнитті пішіндерден менің жасырған жұмбағымның шешуін суреттендер.

Жасыл ине киімім,

Жайлаймын тау биігін.

Жаңа жылды тойласаң

Төріндемін үйіңнің. Бұл не екен?

- Дұрыс айтасыңдар, бұл шырша екен.

- Бұл шырша қандай пішіннен құралған?

- Төрт қабырғасы, шатыры бар ол не екен?

- Жарайсыңдар балалар, бұл тапсырманы жақсы орындадыңдар, енді келесі ойынымыз.

«Қай пішінге ұқсайды?» деп аталады. Тақтадан суреттер көрсетіледі. Балалар суретке қарап ұқсас пішіндерді айтады.

### **Сергіту сәті:**

Бойды сергек тік ұста

Емін - еркін тыныста

Оң қолыңды соз алға

Қол ұшына қарада

Үшбұрыш сыз ауада

Сол қол босқа тұрмасын

Шеңбер жасап тынбасын

Ал енді логикалық сұрақтарға жауап беріңдерші.

### **Ойын: «Жоғалған пішінді тап!»**

Мазмұны: тақтада үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, сопақша пішіндер ілулі тұрады.

Балаларға көзін жұмғызып, бір пішінді алып тастаймын. Балалар көзін ашып қай пішін жоқ екенін айтады.

Ал балалар пішіндер туралы кім тақпақ айтады.

### **Рефлексиялық түзету**

**Сабақты қорыту:** Ендеше балалар құстың ұясын қандай пішіннен жасайтынымызды ойланайық. Құстар туралы Еңлік өз тақпағын айтады.

### **Балаларды мадақтау.**

### **Күтілетін нәтижелер:**

**Білуі:** Балалар геометриялық пішіндерді ажыратып, айыра біледі

**Нені игерді:** Заттардың қандай пішіннен құралатынын меңгерді.

**Нені біледі:** Үлестірмелі материалдардан берілген тапсырманы өз бетінше орындай алады.

### **Оқу қызметі:** Логика

**Тақырыбы:** «Жылдам ойлан!» логикалық тапсырмалар.

**Мақсаты:** сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. Логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зейінін тұрақтандыру.

**Көрнекілік:** сызба карточкалар, сандар, «Коломбовое яйцо», «Игровизор»

**Іс-әрекет кезеңі** Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті  
**Мотивциялық қозғаушылық** «Көңілді санамақтар» бірге айтамыз.

д/о: Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта

Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын — қысқалығын анықтау.

1-тапсырма

Айгүл үйге қай жол арқылы үйіне жетеді?сызба арқылы орындау

2-тапсырма: «Сан қатары»

үлестірмелі сандарды ретімен қояды. 0.... 2.... 4..... 1..... 3..... 5

5.... 3.... 1..... 4..... 2..... 0

3-тапсырма:Логикалық есеп

1.Суретші қорабынан 6 бояу алғаннан кейін, 4 бояу қалды. Суретшіде қанша бояу болды?

2.Қоян көжектеріне 4 сәбіз бергеннен кейін, тағы 3 сәбіз қалды. Қоянда қанша сәбіз болды?

3.Себеттен 5 алма алғаннан кейін, онда тағы 5 алма қалды.Себетте қанша алма болды?

4.Карлсон 6 тәтті нан жегеннен кейін,4 тәтті нан қалды. Қарлсонда неше тәтті нан болды?

5. Айдана 5 гүлге су құйғаннан кейін 2 гүлге су құйюқа үлгерген жоқ. Айдананың гүлзарында қанша гүл өсіп тұрды?

4-тапсырма

сызба карточкамен жұмыс

1)Піл аюдан кіші,ал аю қояннан кіші,қандай ойыншық барлығынан үлкен?Боя.

2) Құрбақа бегемоттан қысқа,бірақ есектен үлкен. Қандай ойыншық барлығынан қысқа? Боя.

3) Жираф сайқымазақтан қысқа,бірақ зебрадан ұзын. Бәрінен ұзыны не?

«Коломбовое яйцо» ойыны

Карлсон, сендер барлық тапсырмаларды жақсы орындап бердіңдер,рахмет! -қуанады

-шартты қабылдайды,

-ойланады,

-жасауға тырысады,

-қарындаштар ұзын,

-таяқша қысқа,т.б.

-шартын қабылдайды,

-ойланады,

— Айгүлді сызба арқылы үйіне жеткізеді.

-шартты қабылдайды,

-сандардың қатарына қарайды,

-ойланады,

-орындайды.

-0,1,2,3,4,5

-шартты қабылдайды,

-ойланады,

-үлестірмелі карточкалар мен есепті орындайды

-10 бояу болды.

-7сәбіз болды

-себетте 10 алма болды.

-10 тәтті нан болды.

-гүлзарда жеті гүл өсіп тұр

-шартты қабылдайды,

-ойланады,

-сызба арқылы көрсетеді.

-ең үлкен ойыншық піл (бояйды)

-ең қысқа ойыншық есек, бояйды.

-ең ұзыны сайқымазақ бояйды.

**Рефлекстік түзету:** Кім қонаққа келді? Карлсон қайда тұрады? Карлсон қалай ұшады көрсетіндер?

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі:** сандар цифрларды, реттімен санай алады,

**Нені игереді:** заттың ұзын – қысқа, жуан-жіңішкелігін анықтай біледі;

**Нені біледі:** логикалық тапсырмалар, «Игровизор», «Коломбовое яйцо» ойыны модульдарын қолдана біледі.

**Оқу қызметі:** Логика

**Тақырыбы:** Шарларды қанша екенін сана.

**Мақсаты:** 6 көлемінде сандық есептеуге үйрету. Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

**Әдіс тәсілі:** түсіндіру, сұрақ — жауап, сергіту сәті, « Қай сан жоғалды?» дидактикалық ойыны, жұмбақтар, мадақтау.

**Көрнекілік:** ретінде суреттер, кілем, шар, геометриялық пішіндер, үшбұрыш, төртбұрыш, сандар, Монтессори элементтері пайдалану.

**Мотивациялық – қозғаушылық**

— Саламатсыздар ма, балалар!

Саламатсыз ба!

— Балалар, бүгін бізге қонақтар келіпті, қане амандасайық!

Біз әдепті баламыз, Амандасу үлкенге,

Алдыменен қонақпен Тәрбиенің басы ғой.

Амандасып аламыз. Ал қанекей бәріміз.

Сәлем!- дейік үлкенге

**Жылулық шеңбер.**

— Қане, балалар барлығымыз бір — біріміздің қолымыздан ұстап күн жасайықшы.

— Балалар, мынау ненің суреті? (күннің)

— Күн жарқырап шыққан кезде адамдарға шуағын шашады.

— Таңертең тұрған кезде аналарың қайырлы таң деп айта ма?

Кәне, бізде қайырлы таң тілейік.

— Қайырлы таң көздерім, сендер ояныңдар!!!

— Қайырлы таң құлақтарым, сендер ояныңдар!!!

— Қайырлы таң саусақтарым, сендер ояныңдар!!!

Көздерін, құлақтарын уқалайды.

Шапалақтайды.

— Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі күніміз жақсы болсын, орнымызға отырайық.

— Бүгін бізде қарапайым математикалық ұғымдар туралы оқу іс-әрекеті.

**Ұйымдастырушылық ізденіс кезеңі.**

— Балалар, мен сендерге құр қол келген жоқпын, мына шарларды ала келдім.

— Бір жылда неше мезгіл бар?

— Төрт мезгіл. Кәне, атап шығайық... (қыс, көктем, күз, жаз)

Бұл шарлардың түсі де сол төрт мезгілді белгілейді.

Мына шардың түсі қандай?(ақ)

— Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?

Қыс. қыста жер қандай болады (ақ)

Сары шарды көрсету

Бұл түс қандай жыл мезгілін білдіреді.(күз)

— Себебі күзде ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі.

Жер беті сары кілемге ұқсайды.

Жасыл шарды көрсету.

Бұл түс шөптердің түсі сияқты.

— Табиғат көктемде оянып, жер беті жасыл шөпке толады..

Ағаштар бүршік жара бастайды.(көктем)

Қызыл шарды көрсету.

— Қызыл түс қандай жыл мезгілін білдіреді.?

Қай уақытта гүлдер қызыл түске боялады?.(жаз)

— Балалар, түстерін білдік, енді сиқырлы шардың ішінде не бар екенін білгілерің келе ме?

Кәне, шарды кім жарады.

(Бір бала шығып шарды жарады)- Балалар, бізге тапсырмалар берілген, осы тапсырманы дұрыс орындасандар, мына сиқырлы кілемшеге отырып «Ғажайып математика» еліне саяхатқа барауға болады.

**1 — тапсырма.** 1 — ден 6 — ке дейін тура және кері санау

Екі тілде санау.(ағылшын,қазақша)

**2 — тапсырма.** Дидактикалық ойын. Сандардың көршісін табу. «Жоғалған сан».

(1 — ден 6 — ке дейін сандар бойынша ретімен тұрады.)

**3 — тапсырма.** Логикалық есептер

— Дүкеннен анам төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. менде неше доп қалды? (1)

— Қоянда неше құлақ бар?(қоянның суретін көрсету)

Мынау ненің суреті? ( 2қолдың)

— Қолда қанша саусақ бар?

Ағашта 6 құс отыр, оның 2 — уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?

Себетте 3 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма

**Сергіту сәті:**

«*Бала, бала, балапан*» әні: Бір серігіп алсаңдар одан әрі жалғастыру.

Балалар, ақылмен ойлап әр түрлі нәрселер жасауға болады екен.

**Рефлексия:** Геометриялық пішіндерді кілемшеге орналастырдық.1 — ден 6 — ке дейін тура және кері санадық.Жұмбақтар шештік.

Балалар, келесі оқу іс — әрекетінде осы кілемшеге отырып «Ғажайып математика» еліне саяхатқа барамыз.

— Жарайсыңдар, балалар

**Күлетін нәтиже:**

**Білуі:** Балалар, біз бүгін геометриялық пішіндерді ажыраттыру және кілемшеге орналастырдыуды.

**Нені игереді :**Сандарды тура және кері санау, логикалық есептер, жұмбақтар шешу.

**Нені біледі:** зейінді, ұқыпты, мейірімді, есте сақтау, ойлау қабілеттері, дамыған.

**Оқу қызметі:** Логика

**Тақырыбы:** «Ұқастықтарын тауып айт»

Мақсаты: Балаларды заттың түстері мен пішіндерін ажырата білуге үйрету. Саусақ моторикасы арқылы ақыл ойын дамыту. Жаңа жыл мерекесін еске түсіріп, есте сақтау қабілетін қалыптастыру. Балаларды сүйіспеншілікке, қайырымдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Әдіс - тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, ойын тәсілдері, қызықты сәт, мадақтау.

**Көрнекіліктер:** лента, сары - қызыл түсті геометриялық пішіндер.

**Мотивациялық – қозғаушылық**

Тәрбиеші: Саламатсыздар ма Балалар! Бүгін бізде ерекше күн. Бізге қонаққа апайлар келіп отыр. Қане бәріміз шеңбер құрып, қонақтармен амандасып алайық.

Балалар:

Біз ақылды баламыз,

Айтқан тілді аламыз.

Бізге келген қонақпен,

Амандасып аламыз.

Салем, салем, салем!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар Балалар!

Ұйымдастыру сәті:

- Балалар айтыңдаршы қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілі

- Ауа - райында қандай өзгерістер бар?

- Қыста күн суық, далада қар жауады.

- Ал қыс мезгілінде қандай мерекені тойладық? (Балалармен жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесу).

Қызықты сәт: Кенет телефон шырылдайды.

Тәрбиеші:

- Алло, саламатсыз ба?

- Бұл кім екен?

- А - а - а Түлкі сен бе?

- Сен неге жылап тұрсың?

- Саған көмек керек пе?

- Мұнай ма қазір біз саған көмекке барамыз.

Балалар ормандағы түлкіге біздің көмегіміз керек болып жатыр.

Оның жаңа жылдық шыршасының безендіріп қойған моншақтарын мыстан кемпір үзіп кетіпті. Соған жылап бізді көмекке шақырып отыр. Түлкіге көмекке барамыз ба?

Балалар: Ия, барамыз

Тәрбиеші: Ендеше біздер тездетіп, орманға жетуіміз керек.

Ендеше сапқа тұрып бір біріміздің қолымыздан ұстап, көзімізді жұмайық.

(Балалар орманға келеді, шыршаның түбінде түлкі жылап отырады. )

Түлкі: Балалар менің шыршамның ілетін моншақтарын үзіп кетті. Енді менің шыршам әдемі болмай қалды. (Тәрбиеші үзілген моншақтарды балаларға көрсетіп, пішінін, түсін сұрайды. )

Тәрбиеші: балалар бізде мұнда моншақтар оқ. Енді не істесек екен?

Таптым, таптым балалар. Мұндай моншақтарды табу үшін сиқыршы ғана көмектесе алады. Мен сиқыршыны шақырайын.

Ал балалар біз мына тапсырманы орындамасақ. Сиқыршы келмейді.(тәрбиеші тапсырма береді, тапсырманы орындағаннан кейін сиқыршы келеді ).

Сиқыршы: Балалар, саламатсыздар ма? Мені неге шақырдыңыздар? (тәрбиеші түлкінің жағдайын айтып түсіндіреді.)

Жарайды мен сендерге көмектесейін, бірақ менің бір шартым бар. Мен сиқыр жасамас бұрын, мен сергіп билеп алуым керек.

**Сергіту сәті:**

Би билегім келеді.

Бірақ қалай бастайын

Бір оңға, бір солға

Өзін өзі айнала.

Сиқыршы сиқырын қолданып, сиқырлы қобдишаны алып шығады. Қобдишаның ішінде дөңгелек және төрт бұрыш пішінді моншақтың бөліктері болады.

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы мына қобдишаның ішіндегі дөңгелек және төртбұрыш пішінді бөліктерді түсіне қарай ілгектері бар моншақтарға тағайықшы. (балалар қобдишадан шыққан пішіндерді сәйкестендіріп, лентадағы ілгектерге тағады ). Жеке шақырып таққызу.

Тәрбиеші: Балалар міне біздің моншағымыз дайын болды, енді түлкіге сыйлайық.

Түлкі: Рахмет балалар, мен қатты қуанып тұрмын, Мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.



Қимылдық ойын: «Түлкі мен балапандар»

(Балалар ойынды ойнап болған соң, түлкімен қоштасады. Түлкі ризашылығын білдіріп, балаларға сыйлығын береді. )

**Күлетін нәтиже:**

**Білуі:** балалар, заттарды салыстыруды

**Нені игереді :** заттарды салыстырып олардың ұқсастықтары мен айырмашылығын

**Нені біледі:** зейінді, ұқыпты, мейірімді, есте сақтау, ойлау қабілеттері, дамыған.

**Оқу қызметі:** Логика

**Тақырыбы:** «Шамалар. Кең-тар, аласа – биік, ұзын - қысқа»

**Мақсаты:** «Ұзын», «қысқа» ұғымдарымен таныстыру, беттестіру бетіне қою әдісі арқылы ұзындықты салыстыруды үйрету

**Көрнекілік:** ұзындықты беттестіріп салыстыруға арналған жолақша жолдар ұзыны – жасыл және қысқасы - көк, әр балаға әртүрлі түстен 1 машина, түрлі ұзындықтағы ленталар, әр балаға жолдардың түсіндей үйдің суреті бейнеленген 2 данадан карточкалар.

**Мотивациялық қозғаушылық**

Тосын сәт: Есік қағылып, музыка әуенімен ішке Сайқымазақ келеді. Қолында үш түрлі шары болады. Сайқымазақ балалармен амандасады. Сәлеметсіздер ме, балалар!

Сәлеметсіз бе!

Сайқымазақ: Балалар менің атым - Сайқымазақ. Мен сендерге құр қол келгенім жоқ.

Мына қолымдағы шарлардың ішінде, сендерге алып келген тапсырмаларым бар, сол тапсырмаларымды дұрыс орындасандар, мен сендерге сыйлық беремін.

Тәрбиеші: Қане, балалар Сайқымазақ бізге қанша тапсырма алып келгенін білу үшін, оның қолындағы шарларды санап, түсін айтайық.

Ал, балалар Сайқымазақтың қолындағы шарларын санайықшы?

Біреу, екеу, үшеу.

Барлығы қанша шар болды?

Үш шар болды.

Сайқымазақтың тапсырмасы осы шарлардың ішінде, оны орындау үшін шарды бір - бірлеп жаруымыз керек. Бір бала шығып, шарды жарады да, ішінен тапсырманы алып орындайды.

I - тапсырма: Теледидар арқылы суреттерді көрсету. Сұрақ - жауап арқылы.

Ендеше, барлығымыз мына теледидарға қарайықшы? Мынау кімдердің суреті?

Балалардың суреті.

Мына баланың бойы ұзын ба, қысқа ма?

Қане, кім айтады?

Ұзын бала.

Ал мына баланың бойы ше? Қысқа.

Мынау қандай карандаш?

- Ұзын карандаш.

Ал, мынау қандай карандаш?

- Қысқа карандаш.

Мынау нелер?

- Жолдар.

Мынау қандай жол?

- Ұзын жол. Ия, ұзын жол.

Ал, мына жол қандай? Қысқа жол.

Дұрыс айтасыңдар, балалар!

Ал, келесі тапсырманы орындау үшін, екінші шарымызды жарып көрейікші, оның ішінде қандай тапсырма бар екен? Қане, кім шарды жарады?

II - тапсырма: Геометриялық пішіндерді ата? (Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек).

Балалар пішіндердің атын атап, түсін айтады.

**Қимылды ойын:** «Сәбіздерді жина».

**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Сайқымазақ:

- Қандай қызық ойын болды, маған ұнап қалды.

Жарайсыңдар, балалар.

**Күлетін нәтиже:**

**Білуі:** Кең – тар, ұзын – қысқа ұғымымен танысу

**Нені игереді:** ұзын – қысқа, кем – тар ұғымын ажыратуды игереді

**Нені біледі:** ұзын – қыста, кең – тар ұғымын біледі.

**Оқу қызметі:** Логика

**Тақырыбы:** Артық затты тап?

**Мақсаты:** Берілген тапсырмалардан қай зат артық екенін табуға дағдыландыру. Зейінін, ақыл-ойын дамыту.

**Тәрбиелігі:** Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** әліппе-дәптер, суреттер.

**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, салыстыру

**Мотивациялық қозғаушылық:**

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балаларды шаттық шеңберге тұрғызып, Шеңбер бойымен тұрып, тәрбиешімен бірге өлең жолдарын қайталап, қимылмен көрсетед. Балалар, суреттегі аквариум неге ұқсайды?

-Өте дұрыс айтасыңдар бұл аквариумды не үшін қолданамыз?

-Ал балықтар өмір сүру үшін тағы да аквариумда не болады?

Дұрыс айтасыңдар. Мына жұмбақты шешіп көріңдерші Гүл жайнаған бөктерді,

Құрғатпаймын шөптерді.

Шыдамаймын көргенде,

Айғыз – айғыз беттерді.

2. Кескен болам кесілмейді

Кесілсе де бөлінбейді.

-Жарайсыңдар! Су -өмір нәрі. Су -өзен, көл тағы басқа түзетін мөлдір сұйық зат. Жер астында да, адам, жануарлар денесінде де су болады. Сусыз тамақ та піспейді, тазалық та болмайды. Су жолымен адамдар қатынайды, қайық кеме жүзеді жүк тасиды, ағаш ағызады. Су арқылы үйді жылытады. Сусыз бүкіл табиғат тіршілік ете алмайды екен. Суды тағы да қайда қолданамыз кәнеки, кім айтады?

Ал, балалар су туралы қысқаша білдік енді тағы да шаршыға не ұқсайды екен, Осы сыныптың ішінде тағы да қандай заттар шаршыға ұқсайды?

Ал дөңгелекке не ұқсайды екен?

Дөп –дөңгелек ала доп, Қызыл, жасыл, және көк.

Ала шықтым аулаға

Ойнайтұғын бала көп.

**Сергіту сәті:**

Оң қолымда бес саусақ

Сол қолымда бес саусақ  
Қосып едім екеуін  
Болып шықты он саусақ  
Жұмбақтың шешуі қиын ба екен ?  
— Аквариум неге ұқсайды екен ?  
-Шаршыға ұқсас заттарды таба алдың ба?  
Дөңгелекке ұқсас заттарды ше ?  
-Жарайсыңдар ! Мадақтау.

**Күлетін нәтиже:**

**Білуі:** артық заттарды табу біледі

**Нені игереді :** артық заттарды табуды игереді

**Нені біледі:** тапсырмаларды орындап артық заттарды таба біледі.

**Оқу қызметі:** Логика

**Тақырыбы:** «Көңілді пішіндер»

**Мақсаты:** Балаларға геометриялық фигураларды атауға және салыстыра білуге үйрету. Түстерді ажыра білуге үйрету. Балалардың ес, логикалық ойлау қабілетерін, қолдарының ұсақ қол моторикаларын қалыптастыру, дамыту

**Әдіс – тәсілдер:** ойын – сабақ, күтпеген сәт, көрсету, түсіндіру, салыстыру, сергіту сәті.

**Көрнекіліктер:** сиқырлы сандық

**Мотивациялық - қозғаушылық**

**Шаттық шеңбер**

Балалар мен сендерді әдеттегідей шаттық шеңберіне шақырамын. Шаттық шеңберінде тұрып бір-бірімізге амандасайық. Ал, біздің амандауымыз күндегіден ерекше болмақ. Біз шеңбер бойымен жүріп мына сөздерді айтамыз:

Амансың ба, алтын күн!

Амансың ба, көк аспан!

Амансың ба, самал жел!

Амансың ба, айдын көл!

**Ұйымдастыру – іздестіру**

Есік қағылады

-Балалар естідіңдер ме? Бұл кім екен? Білгілерін келе ме?

-Онда мен барып қарайын

-Балалар қарандаршы есіктің қасында қандай керемет сандық жатыр. Оны сиқыршы келіп тастап кеткен шығар. Қане ашайық, не бар екен. Ішінде хат бар екен.

Сиқыршы бізге хат жазып жіберіпті.

Тапсырмаларын орындауға көмектесесіңдер ме?

-Балалар, енді сандық ішінде не бар екен қарайықшы?

«Пішіндерді орналастыр»

-Қане, балалар барлығымыз бірігіп жасаймыз ба?

-Балалар, тағы қарайықшы сандық ішінде не бар екен тағы да?

-Балалар, сандық ішінде көбелектер бар екен

-Олар қандай түсті?

-Енді оларды санайықшы, нешеу екен

-Қане оларды өз түстеріне сай гүлдерге қонуға көмектесейікші

-қандай әдемі болды, иә?

Сергіту сәті

Ормандағы аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық

-Балалар, қарайық тағы не бар екен

-Балалар бұл кім екен?

-Ол адасып үйшігін таба алмай жүр екен, қане көмектесеміз бе?

**Рефлексия** - түзетушілік -Жарайсындар балалар, сендер бүгін сиқыршыға жақсы көмектестіндер, мен оны жауып есіктің алдына қойып қойайын.Сиқыршы келіп, өзі алып кетеді

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** пішіндерді

**Нені игереді:** пішіндерді бір – бірінен ажырата білуді

**Нені біледі:** тапсырмаларды орындап пішіндерді біледі.

**Оқу қызметі:** Логика

**Тақырыбы:** «Нешінші?» «Қайсы?»

**Мақсаты:** «Нешінші?» «Қайсы?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беру дағдысын бекіту. 5 көлеміндегі заттарды санауға, қорытынды санын айтуға (мысалы: барлығы 5 доп) үйретуді жалғыстыру. Балаларды берілген бағыт бойынша қозғалуға (алға, артқа, оңға, солға және заттардың арасына барып тұруға) үйрету.

**Ұйымдастырушылық ізденіс**

Сюрприздік сәті:

Балалар мына сиқырлы қорапшаны пошташы әкеліп тастапты.

Ішін ашып көреміз бе?

Балалар, қарандаршы бірнеше тапсырмалар берілген. Тапсырмаларды орындаймыз ба?

Мына тапсырмада сендер ойыншықтарды сан бойынша орналастыру керек.

Бір деген санда қандай ойыншық орналастырған?

Ал, екінші қандай ойыншық?

Балапан нешінші болып тұр?

Ал, санырауқұлақ нешінші?

Ал, бесінші қандай ойыншық?

**Сергіту сәті:**

Оңға, оңға түзу тұр,

Солға, солға түзу тұр,

Алға қарай бір адым

Артқа қарай бір адым.

**Д/о:** «Ойлап шеш, нешеу?»

**Рефлексстік түзету:** Балалар біз бүгін не істедік?

Кім келді қонаққа?

Балаларды мақтап-мадақтау.

**Күтілген нәтиже:**

**Біледі:** артта, алда, солға, оңға

**Нені игереді:** ұжымдық жұмыс дағдылары.

**Нені біледі:** ретін

**Оқу қызметі:** Логика

**Тақырыбы:** «Алда- артта, оңда- солда»

**Мақсаты:** Өзіне байланысты кеңістікті бағдарлауды бекіту: алда, артта, оң жақта, солт жақта. Карточкада неше дөңгелек – сонша ойыншық санап ал, сөйтіп 3 – ке дейін санауды бекіту.

### **Ұйымдастырушылық ізденіс**

Балалар бүгінгі сабақта «солда», «оңға», және «алда», «артта» деген сөздермен танысамыз.

1. –Терезе менің оң жағымда, теледидар сол жағымда. Оны қайдан білдік?
2. Балаларға интерактивтік тақтадан суретін көрсетіп «оң» және «сол» түсініктерді пайдаланып айтқызу.

### **3. Карточкамен жұмыс:**

1 тапсырма.

Балалардың алдарында карточкалар болады. «Оң» және «сол» түсініктерді қайталап, тапсырманы орындайды.

Қарындашпен тапсырманы орындайды.

**Дидактикалық ойын:** «Өз орнынды тап»

**Мақсаты.** Балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, геометриялық пішіндерді қайталау.

4. Тақтадағы суретті көрсету.

Бөдене қай жерде орналасқан?

Ал тасбақа қай жерде орналасқан?

**Дидактикалық ойын.** «Геометриялық пішіндерден құрастыру»

**Мақсаты:** Балалардың геометриялық пішіндерді ажыратуға, қол моторикасын жабдықтауға дамыту.

### **5. Карточкамен жұмыс:**

Тапсырма: Балалар карточкамен қолына қарындашты алып тапсырманы орындайды.

### **6. Карточкамен жұмыс:**

Тапсырма:

Карточкада неше дөңгелек – сонша ойыншық санап алу керек.

**Рефлексия:** Интерактивті тақтамен 3 санына байланысты жұмыстар жасаймыз

Топқа келген қонақпен қоштасу. Сұрақтар қою. Балаларды мадақтау

**Білу:** Кеңістіктегі заттарды салыстыру, бағдарлау

**Нені игереді:** «Алда- артта, оңда- солда» ұғымдары туралы түсініктері

**Нені біледі:** 3 саны мен сан белгісінбір, бекіту

### **Оқу қызметі:** Логика

**Тақырыбы:** «Екі топтың заттарын салыстыру»

**Мақсаты:** Тең және тең емес екі топтың заттарын беттестіріп салыстыру арқылы «көп» «аз», «теңбе-тең»-деп айта білуге үйрету. Заттардың ұзындығын салыстыра білу дағдыларын бекіту. «Ұзынырақ», «Қысқалау», «Ұзындығы бірдей»-деген сөздерді қолдануға үйрету.

**Көрнекіліктер:** сиқырлы сандық

**Мотивациялық - қозғаушылық**

**Шаттық шеңбер**

Сәнденіп даламыз,

Сәулетті қаламыз.

Сәулеңмен құлпырдың

Сәлем, күн анамыз.

Таңғы шеңберді айтып болып, сабаққа дайындалады.

### **Ұйымдастырушылық ізденіс**

1.«Көп», «аз», «теңбе-тең», «ұзынырақ», «қысқалау» сөздеріне тоқталып, түсіндіріп өту.

2.Таңғажайып сәт. Білгіштің келіп, тапсырмалар беруі:

1) Екі топқа берілген фигуралардың салыстырып, аз-көптігін ажырату.

2)Карточкадағы заттарды санап бер (солдан оңға).

3)Д.о: «Қай пішінге ұқсайды?»

Сергіту сәті: Оң қолымда бес саусақ.

Сол қолымда бес саусақ.

Қосып едім екеуін,

Болып шықты он саусақ.

**Рефлексивті-коррекциялау**Сабақты қорытып, балалардан не түсінгендерін сұрау.

Білгішке рахмет айтып, шығарып салу.

Балаларды мақтап, мадақтап, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** «Аз», «көп», «теңбе-тең», «ұзынырақ», «қысқалау» сөздерінің мәні

**Нені игереді:** Ұжымдық, жеке жұмыстың дағдылары

**Нені біледі:** аз – көп ұғымды

**Оқу қызметі:** Логика

**Тақырыбы:** Логикалық математика әлеміне саяхат.

**Мақсаты:** 1. Балалар тура және кері санауға, логикалық тапсырмалар, есептер шығаруға, ауызша есептеуге жаттықтыру.

**Әдістер:** Логикалық есептер, диктант, ойындар.

**Көрнектілігі:** Қима сандар, суреттер, қарындаштар, дидактикалық ойындар.

Тәрбиешінің әрекеті.

Балалардың әрекеті.

**Мотивациялық ой қозғау.**

Амандасу рәсімі:

-Әдептен озбай бүгінгі келген қонақтармен сәлемдесіп алайық балалар

Ал кәнеки бәріміз,

Үлкенге де сіз, кішіге де сіз.

Барша жұртты құрметтеп қарсы алып,

Құшақ жая қарсы алып

Сәлем бердік баршаға.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Балалар бүгін сендермен бірге математика әлеміне барамыз.

Кәнеки айтыңдаршы математика сабағында біз не істейміз? Немен танысамыз?

Ендеше тура және кері санап берейікші.

Балалар қалай ойлайсыңдар дүниеде нені санауға болмайды?

Ал жыл мезгілдерінің айларын санаймыз ба?

Ендеше бір жылда неше ай бар?

Атап беріндерші.

Жақсы. Біз білеміз бір жылда төрт мезгіл бар екенің. Кәне төрт мезгілді атап беріндерші?

Осы әр мезгілде үш айдан бар соларды атап беріндерші?

Қыс айлары:

Көктем айлары:

Жаз айлары:

Күз айлары:

Жарайсыңдар балалар енді екі топқа бөлініп сабағымызды бастайық (Екі топқа бөлінеді. 1 топ суреттегі сандарды тауып бояйды. 2 топ үстелдегі тапсырмаларды орындауға барады).

Санаймыз, есеп шығарамыз.

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

10 9 8 7 6 5 4 3 2 1

Жаңбыр тамшысын, жауған қарды, ағаш жапырақтарын, құм топырағын.

Ия санаймыз.

Бір жылда 12 ай бар.

Қаңтар, Ақпан, Наурыз, Сәуір, Мамыр, Маусым, Шілде, Тамыз, Қыркүйек, Қазан, Қараша, Желтоқсан.

Қыс, Көктем, Жаз, Күз.

Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан.

Наурыз, Сәуір, Мамыр.

Маусым, Шілде, Тамыз.

Қыркүйек, Қазан, Қараша.

1 тапсырма.

**Дидактикалық ойын:**

«Апта күндерін ата».

-Бір аптада неше күн бар?

-Атап беріндерші.

Балабақшаға неше күн барамыз?

Неше күн демаламыз?

Жақсы. Ал айтыңдаршы бүгін аптаның қай күні?

Ал кеше аптаның қай күні болды?

Ал ертең аптаның қай күні болады?

Жарайсыңдар!

2 тапсырма.

«Ауызша есеп».

Енді балалар есеп шығарайық.

1) Әсемде бар 5 кәмпит,

Әселде бар 2 кәмпит.

Қоссақ 5 пен 2-ні,

Қанша болар шешімі?

2) Кеше көл жағасында

Жиналды 10 үйрек

3-і ұйықтап қалыпты

Ұшып кетті неше үйрек?

3) Алма ағаш үстінде,

Он жағында 6 алма

Сол жағасында 4 алма

Алмаларды біз қоссақ

Нешеу болар барлығы?

4) 10-нан 5-ті алайық,

Қанша қалды санайық.

Қарайық та санайық,

Санайық та табайық.

Бір аптада жеті күн бар.

Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі.

Балабақшаға бес күн барамыз.

Екі күн демаламыз.

Бүгін аптаның үшінші күні Сәрсенбі.

Кеше аптаның екінші күні Сейсенбі болды.

Ертең аптаның төртінші күні Бейсенбі болады.

$5+2=7$   $10-3=7$   $6+4=10$   $10-5=5$

3 тапсырма.

Жарайсындар балалар кәнеки бәріміз кілем үстіне барайық. Рефлексия: «Доппен ойын».

Келген қонақтарымызға рахметімізді айтайық. Сау болыңыз дейік.

Балалар қонақтармен қоштасады.

«Сау болыңыздар!»

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** Берілген тапсырмаларды толық орындауы.

**Нені біледі:** Тапсырмалардың орындалу жолдарын.

**Нені игереді:** Ұғымдарды дұрыс қолдануға, кеше, бүгін, ертең, қай күн болғандығын, болатының ажырата білуін, апта күндері, олардың саның сәйкестендіре біле алады.